

Э.Т. Телеуова* , Г.З. Искакова 

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

*e-mail: teleuova@mail.ru

«ЗАР ЗАМАН» ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОТАРЛАНҒАН ҚАЗАҚ ОЙЫ МЕН КҮЙІНІҢ ӘРЛЕНУІ

Отаршылдыққа қарсы идеялық күрес жүргізген «Зар заман» ағымы халық ахуалының нашарлауы, жер мен судан айырылуы, билік жүйесінің тізгінін ұстап отырғандар тарапынан жасалған жүгенсіздік пен паракорлық, адамдардың мінез-құлқының бұзылып, моральдық азғындауы, діннің бұзылуын өз шығармаларына арқау етті. Мақалада Ы.Алтынсарин қағаз бетіне түсірген «Горе киргиза» атты шығарманың мұрағаттық толық нұсқасы талданады. Ы.Алтынсарин осы шығарма арқылы Ресей империясының әкімшілік басқару реформасының сәтсіздігін көрсетуді көздеді. Ы.Алтынсариннің жолдаған хатындағы осы мәтін, кейінгі зерттеулерде «зар заман» деген атаумен белгілі болды. «Зар заман» шығармашылығы қоғамдық ойдың көрінісі болды. «Зар заман» ағымы қазақ халқының отаршылдыққа қарсы күресінің идеялық өзегі болғаны және оған зерттеулерде қандай баға берілді және өзге замандастарының көзқарастарын қатар талдау мақаланың мақсаты болып табылады. Сондықтан зар заман тек әдебиеттану ғылымының зерттеу объектісі ғана емес, бұл тақырып әлеуметтік, қоғамдық-саяси ой ағымы ретінде тарихшылар тарапынан да назарға алынғаны жөн. Ресей империясының отары болған халықтарда, оның ішінде қырғыз, қарақалпақтарда зар заман ағымын зерттеген арнайы еңбектер бар. Зерттеу мақсатына жету үшін пәнаралық декомпозиция, селекция, герменевтика, сипаттау әдістері қолданды. Мақалада «Зар заман» жырларын жолдары, өткенді дәріптесе де, болашақтың бағдарына баға беруіне, отарлық ойдың қазқ қоғамын күйзеліске ұшырауына сол заманның өзге қазақ ағартушылар шығармаларымен қарсы емес, керісінше үндесесіп жатуы тұрғысынан алғаш рет талданды. Зерттеулерде бұл шығарамаларға дәстүршіл, өткенді аңсау, түңілу, сәуегейлікке тән мәтіндердің жиынтығы ретінде баға берілген болатын. Бірақ, бұл туындылар сол заманның шынайы құбылысын бүкпесіз, ешқандай ақтаусыз, түрлендірмей әрлеуі және олардың мәтіндеріндегі қазақ болмысы мен күй жайын сипаттаған нәтижелер алынды. Қазақ қоғамының сыртқы ойды қабылдауында қарсылық пен мойынсұнудың салдары, жетектелетін ортаның қалыптасуының тарихи себептері көрсетілді.

Түйін сөздер: зар заман, отаршылдық, саясат, ой, дін, әсер.

E.T. Teleuova*, G.Z. Iskakova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: teleuova@mail.ru

Changing of the foundations of kazakh worldview under the influence of colonialism in the works of the «Zar zaman»

The representatives of the «Zar Zaman» movement engaged in an ideological struggle against Russian colonization, reflecting in their works the transformation of the traditional Kazakh way of life, the loss of control over land and water resources, the permissiveness and corruption of the ruling authorities, the transformation of spirituality, moral degradation, and the decline of religious values. This article examines the complete archival version of I. Altynsarin's published work «The Grief of a Kyrgyz». In this work, Altynsarin sought to demonstrate the failure of the Russian Empire's administrative reforms. In later studies, this work was classified within the «Zar Zaman» movement. The literary works of «Zar Zaman» encapsulated the public consciousness of the Kazakh people. The objective of this study is to analyze the «Zar Zaman» literary movement as the ideological core of the Kazakh people's resistance to colonialism, as well as to assess its scholarly interpretations and compare them with the perspectives of its contemporaries. In this context, «Zar Zaman» should be regarded not only as an object of literary analysis but also as a socio-political movement warranting attention from historians. There exist specialized studies on the «Zar Zaman» movement among other peoples subjected to the colonial rule of the Russian Empire, including the kyrgyz and karakalpaks. To achieve the research objectives, interdisciplinary decomposition, selection, hermeneutic, and descriptive methods were employed. This article presents, for the first time, an analysis of the works of «Zar Zaman» poets not only in terms of their glorification of the past but also in relation to their assessment of the future. Particular attention is paid to the fact that the crisis

time. This suggests not a contradiction but rather an internal coherence in their perspectives. Scholarly research has traditionally characterized «Zar Zaman» as a literary movement marked by nostalgia for the past, disillusionment, and prophetic motifs. However, this study demonstrates that these works provided an unembellished representation of contemporary realities, avoiding idealization or artistic distortion. The texts vividly depict the Kazakh way of life, their internal state, and their perception of external pressures. Furthermore, the article explores the consequences of colonial policies, particularly the dichotomy between resistance and submission, as well as the historical factors that contributed to the formation of a dependent society.

Key words: zar zaman, colonialism, politics, thought, religion, influence.

Э.Т. Телеуова*, Г.З. Исакова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: teleuova@mail.ru

Изменение основ казахского миропонимания под влиянием колониализма в литературном направлении «Зар заман»

Представители течения «Зар заман», проводили идейную борьбу против российской колонизации и отразили в своих работах изменения традиционного уклада жизни казахов, потерю контроля земельными и водными ресурсами, вседозволенность и взяточничество со стороны правящей власти, трансформацию духовности, моральную деградацию и разложение религиозных устоев. В статье анализируется полная архивная версия, опубликованной работы И. Алтынсарина «Горе киргиза». В этом произведении И. Алтынсарин намеревался показать провал реформ Российской империи по административному управлению. Данная работа, в более поздних исследованиях получила название «Зар заман». Содержание трудов направления «Зар заман» отражало общественное сознание казахов. Целью статьи является анализ литературного течения «Зар заман» как идейного ядра борьбы казахского народа против колониализма, а также оценка данного направления в исследованиях и сопоставление взглядов его современников. В этом контексте «Зар заман» следует рассматривать не только как объект литературоведческого анализа, но и как социально-политическое течение, заслуживающее внимания историков. Существуют специализированные исследования, посвящённые изучению «Зар заман» среди народов, находившихся в колониальной зависимости Российской империи, включая киргизов и каракалпаков. Для достижения целей исследования использованы междисциплинарная декомпозиция, селекция, герменевтика и описательный метод. В статье впервые проводится анализ произведений поэтов «Зар заман» не только с точки зрения их прославления прошлого, но и в аспекте оценки будущего. Особое внимание уделяется тому, что кризисные настроения, вызванные колониальным подавлением, находят отклик в трудах других казахских просветителей того времени, что свидетельствует не о противопоставлении, а, напротив, о внутренней согласованности их взглядов. В исследованиях «Зар заман» традиционно оценивался как литературное направление, характеризующееся тягой к прошлому, разочарованием и пророческими мотивами. Однако настоящая работа показывает, что данные произведения без прикрас отражали реалии своего времени, избегая идеализации и художественных искажений. В текстах ясно прослеживается образ жизни казахского народа, его внутреннее состояние и восприятие внешнего давления. В статье также рассматриваются последствия колониальной политики, выражающиеся в противоречии между сопротивлением и подчинением, а также исторические причины формирования ведомого общества.

Ключевые слова: зар заман, колониализм, политика, мысль, религия, влияние.

Кіріспе

Қазақстанда ХІХ ғасырдың алғашқы ширегінен бастап орнаған отарлық жүйе елдің әлеуметтік-экономикалық қатынастарын ғана өзгертіп қоймай, оның дәстүрлі өмір салты мен мәдени-рухани өмірін, құндылықтар жүйесіне де әсер етті. Отарлық жүйе қазақ қоғамында өз «менін» қабылдаудына орай түрлі ортаны қалыптастырды. Бірі отарлық жүйенің арбасында жаңарудың жолына түссе, екіншілері дәстүрлі құндылық-

тар үшін күрес жүргізді. Екінші бағыттағылар қазақ түйсігінің отарлануы мен құндылықтың мәндік өзгерісі сыртқы себептерден туындағанын өз шығармалары арқылы жеткізген «зар-заман» ақындары болды. «Зар заман» мектебінің шығармашылығы қазақ халқының мінез-құлқы, ділі мен дүниетанымы, ғасырлар бойы қалыптасқан болмыстық тұтастығының күрт өзгеруін және ол тоқтаусыз жалғасын тапқан үдерістің саяси астарын көрсете білді. Қазіргі қоғамдағы бейотарлық эстетис, әлеуеттік кереғарлық ой

тізбектерін түсіну үшін, «Зар заман» шығармаларын тарихи контекстте қараудың маңызы зор. Тарихи контекст әдеби шығарманың әлеуметтік, мәдени және саяси климатын ашып береді. Тарихи үрдістің барысын әдеби шығармалар арқылы қабылдау посттарлық күйді түбегейлі түсінуге мүмкіндік береді. Әдеби шығармалардың мазмұнын заман ағымы тақырыбын, үлгісін қалыптастырды. Отарлық кезеңдегі саяси оқиғалар қоғамдық өзгерістердің катализаторы болды, оны әдебиет объективті арқылы жеткізу әлеумет арасында резонанс тудырды. Қоғам арасында түрлі көзқарастар мен бағыттар пайда болды. Оның нақты идеясын сол заманның ресми құжаттарында кездестіре алмайсың, бірақ әдеби шығармалар мәтіні ашық, кейде жасырын халықтың көңіл-күйін анық түрде жеткізе алды. Тарихи оқиғалар мен әдебиеттің өзара байланысын зерттеу уақыт пен кеңістік факторларының көркем шығармашылықта қандай рөл атқарғанын көрсетеді. Тарихтан алынған мысалдар, әдебиеттегі шындықтың көрінісі ғана емес, сонымен бірге оның тарихи үдерістің белсенді қатысушысы болғанын растайды.

Қазақ тарихы мен әдебиеттің өзара байланысының қайталанбас үлгісін «Зар заман мектебінің» шығармалары қалдырды. Осы тарихи кезеңдегі саяси оқиғалар «Зар заман мектебі» шығармашылығының тақырыптары мен мотивтерін қалыптастырады. Мұндай әсердің басты тетігі тарихи жады жаңа әдеби шығармаларды жасауға түрткі болып қана қоймай, бұрыннан бар шығармаларды түсіндіруге де әсер етті. «Зар заман» ақындары өздеріне дейінгі жыраулар мұрасының тарихи қорын пайдаланды. Осы тарихи қор өткен мен болашақ арасын байланыстырып, белгілі бір дәуірдегі фактілер, оқиғалар, кейіпкерлер мен әлеуметтік құбылыстардың жиынтығын, өз шығармаларындағы сюжетті құруға әсер етті. Мысалы, ауызша әдеби шығармаларда халықтың тарихи жадысында түрлі саяси, әлеуметтік, рухани, тұрмыстық катаклизимдерге қатысты атаулар қалыптасқан: дүрбелең заман; аласапыран заман; қилы заман; зар заман; тар заман; сұрапыл заман; сұм заман; запыранды заман, хал заман т.б. Бұл атаулар халық жадысында сақталған нақты бір тарихи кезеңге баға береді. Әдебиеттегі тарихи кезеңдеудің өзгешелігі ол, халықтың әлеуметтік жадысынан туындап отырған. Мұндай тарихи кезеңдерге атау беру барлық халықтарда кездеседі, әлемдік әдебиетте арнайы шығармашылық бағыттар да бар. Әлемдегі ірі тарихи оқиғалар классикалық шығармалардың туындауына әкелді. Әдеби шығармалар

заман адамын түсінуге, қабылдауға, баға беруге талпынады. Адам тағдыры тақырыбындағы мәңгілік шығармалар, қоғамда болып жатқан өзгерістер мен саяси контекстті қолдану арқылы тарихи құбылысты түсінуде көрнекті туындыларға айналды. Бұл шығармалар заман шежіресі, уақыт рухының көрінісі және оқиғаларды шығармашылық тұрғыдан қабылдау әсерінің көрсеткіші болды. Қазақ тарихының отарлық кезеңінің айқын көрсеткіші болған «Зар заман ақындары», адам болмысы мен ынсабының өзгеше күйге түсіп, өткен тарихи тәжірибесінен жаңа ғасырда сабақ алмайтынына өкінеді.

Материалдар мен әдістер

Отарлық кезеңге арналған арнайы тарихи зерттеулерде басымдылық жазба деректер мен мұрағаттық құжаттарға беріледі. Бірақ, осы кезеңнің заманалық сипатын ашу үшін әдеби шығармаларды назарға алған жөн. Ауызша әдеби шығармалардың ерекшелігі сол, ол мән-мәтін арқылы халықтың сол заманды қабылдауы, ішкі толғанысы мен тарихи жадысын түсінуге мүмкіндік береді.

Тарихи оқиғалар әдеби шығармалардың туындауына, олардың контекстін қалыптастыруға айтарлықтай әсер етті. Тарихи оқиғалар шығармашылық шабыт көзі болып, жаңа тақырыптар мен мәселелерді ашуға арқау болды. Тарихтың әдебиетке әсерін зерттеу бізге өткен мен қазіргі арасындағы байланысты жақсы түсінуге, сондай-ақ әдеби шығармалардың әлеуметтік өзгерістердің көрінісі ретіндегі маңыздылығын қабылдауға көмектеседі. Әдеби туындыны зерттеуге арналған контекст ретінде тарихты алуға болады.

XIX ғасырдағы тарихи құбылыстарды мәдени феномен тұрғысындағы зерттеуді батыс ғалымдары қолдана бастады. Көптеген халықтардың тарихи кезеңдерде өздерін идентификациялауы әдебиет арқылы көрініс табуын назарға алды. Генри Уильямс Реймонд (Williams, 2015) XIX ғасырда британдықтар қала ұлты ретінде қалыптасуында әртекті мәдени моделдің туындағанын көрсетті. Уильямстің көрсетуі бойынша: бұл өзгерістер адамның болмысы мен дүниетанымының тұтастығын бұзды. Дәстүрлі, ағартушылық, танымал мәдениет тәжірибелері әдебиетте өзара әрекеттесті. Тарихи тұрғыдан бұл кезеңді британдықтардың алға жылжытқан өнеркәсіптік төңкеріс ретінде баға берілді. Қазақ даласында да ағартушылар мен дәстүрлі өмірдің бұзылуын сынға алған шығармашылықта түрлі

көзқарастық пайымдаулар қалыптасты. Дәстүрлі ұстаным шығармаларында «заман өзгеруі» үрдісін әлеуметтік және этикалық деформация қатар жүргенін, құндылықтардың отарлық заманға икемделуіне қарсы шықты. Британдық әдебиеттанушы Терри Иглтонның (Eagleton, 2016) «Әдебиет теориясы» атты академиялық еңбегінде саясат пен әдебиеттану тұжырымы арасындағы байланыс көрсетіледі. Әдебиет -гуманизм, әдебиет тарихи шындықты жеткізу жолы деген түсінікке қатысты сынның негізін талдады. Тарих ретінде аталатын өткеніміз – егер мағыналы болған болса, міндетті түрде белгілі бір түсінікке ие болады және түсіндіріледі. Қазақ қоғамының отарлық күйіне ауызша әдеби шығармалардың мән-мәтінінде қарау, тарихи шынайлықты іздеуге жетелейді. Т.С. Элиоттың (Eliot, 2022) пікірінше, «классика халықты бейнелейді – мәдениет, тіл, әдебиет, тарих және халықтың интеллектісінің өзара байланысы». Сонымен бірге, «классикаға» тек ұлттың интеллектісі жетіліп, өзінің ерекше әдеби стилін тапқан кезде қол жеткізуге болады. Осы тұрғыдан алғанда, «Зар заман ақындарының» шығармалары XV-XVIII ғасырларда қалыптасқан жыраулар поэзиясындағы идеяларды жаңғыртып, дамытып, күрделендіріп отыршылдыққа қарсы наразылық ретінде танымал болды. Тарихи фон әдеби мәтіннің шынайылығы, тұрақтылығын көрсете келіп, тарихи зерттеудің әдеби жанрдың бір мәтіні ретінде қарау орын алады. Сонымен, әдеби туындылар тарихи контексте негізделі алады, әдеби туындының мазмұнынан тарихты зерттей отырып саралауға болады. Қоғамдағы кереғарлықтарды шешу мүмкін болғанын әдебиет көрсете білуі керек деген тұжырымдар ұсынады.

Халықтың отаршылдыққа қарсылығы ұлт-азаттық көтерілістерімен қатар, идеялық күресті де қалыптастырды. Нәтижесінде сан-қырлы поэзияның туындауына себепші болды. Отаршылықтың салдарын сипаттаған кейбір шығармалардың авторлары белгісіз болды. Солардың бірін, 1883 жылы қағаз бетіне түсірген Ы.Алтынсарин еді. Оның жазған хатының мазмұны, қазақ даласында жүргізілген Ережелерден кейінгі халықтың шынайы ахуалының нашарлауын «Горе киргиза» (Қазақ қайғысы) -атты шығарма арқылы жеткізеді, шығарма бір қатарда қазақ-орыс тілдерінде берілген (ҚР ОММ. Қ.25. Т.1. Іс.2022. 187-198-бб). Кейінгі әдебиет зерттеушілерінің еңбектеріне бір-екі жолдары енген, 32 шумақты шығарманы, өзге «Зар заман ақындарының» көтерген мәселелерімен салыстырып, талдауды қажет етеді. Зар заман ағымының танылуы осы

шығармадан бастау алған. Ы.Алтынсарин «Зар заман» әдеби ағым ретіндегі жазбаларды қағаз бетіне түсіріп, қазақ даласының көңіл-күйін білдіретін сарын ретінде танытты.

«Зар заман» ағымының көрнекті өкілі Шортанбай Қанайұлының жырын, 1870 жылы В.Радлов «Түркі халықтарының әдебиет үлгілері» (1993: 256) атты көп томдық еңбегінің үшінші томында жариялады. В.Радлов бұл шығармалардың мазмұны арқылы қазақтың діни түсінігіне баға беруге тырысады. Бұл шығармаларда мұсылмандық сарын әр жолында айқын көрініс тапқанына қарамастан, халықты исламнан тыс деп қарады. Ал, қазақ даласындағы әдеби жырлардың жинақтаушысы Г.Потанин (2005: 372) Бұқар жырауды, Едіге жырын танытқанына қарамастан, зар заман ақындары туралы мүлдем мәлімет бермеген. Оның себебін, зар заман ақындарының шығармаларында отарлыққа қарсы ашық ойлардан түзелгендігі, тіптен кейінгі әдебиеттанушылар олардың қолданған реакциялық мәтіндерін жұмсартып, өздерінің ғылыми зерттеулерінде беруге тырысты. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының арасынан зар заман (скорбная поэзия) деген оймен алғашқы бөліскен Халел Досмұхамедұлы болды (1991: 69). Патша үкіметіне қарсы көтерілістердің жаншылуы, қазақ жерін отарлау күшейгенде, ел жиі-жиі жұтқа ұшырап, кедейленгенде зар заман ағымына тән шығармалардың таралуы күшейе түскендіген атап өтеді (Досмұхамедұлы, 1991: 69). Бұл шығармалар үмітті үзу емес, жұттан қажыған халық пен кедейлене түсудің себептерін көрсетіп, саяси бостандықты аңсаған ел зарын жырлағанын көрсетеді. Ахмет Байтұрсынұлы болса, шығармаларға діндар дәуір, дінді үйрету үшін емес, өнеге көрсету үшін айтылды, бұл сарын ежелгі дәуірден қазірге дейін жалғасуының сырын ашады (2003:158). С.Сейфуллин 1932 жылы «орыс патшасына бағынған дәуір» шығармалары ретінде көрсетті (1964:372). Зар заман шығармаларының көтерген мәселелеріне қарай, бұл бағыттың мақсаты қандай, ақындары кім? Барлығына ортақ идея не? Не өзгешілігі, жаңалығы бар ма? Заманға қандай мұра қалдырды? Осы басты сұрақтардың жауабын Мұхтар Әуезов 1927 жылы «Әдебиет тарихы» (1991: 240) оқулығына енген «Зар заман ақындары» атты зерттеуінде жан-жақты талдап қана қоймай, ілгеріде ізденіске тірек болатын мәселелерді де айшықтап берді. Зар заман шығармаларына тарихи тұрғыдан баға берген Б.Сүлейменовтің (1958:95) пікірінше, сол кезеңдегі болып жатқан үдерістер көрінісі болды десе, патшалық әкімшіліктің ақша айналы-

мы енбеген қазақтардан салық жинаудың жаңа жүйесін енгізуі, оның мөлшерінің өсуі, ақшамен төлеуге тиісті болуын, түгін салығын, земство салығы, қоғамдық салықтарды әлеуметтік жағдайға қарамай енгізу мәселелерін Е.Бекмаханов Шортабайдың шығармаларынан үзінділерді беру арқылы талдау жасайды (1994:89).

Зар заман-алдымен қоғамдық ойдағы ағым. Осы бағытта зар заман шығармаларының қоғамдағы ой-сана құбылысының бейнесін сипаттаудағы тарихи маңызын М.Қойгелдиев былайша көрсетеді: «Қазақ қоғамындағы саяси биліктің бүтіндей отарлық әкімшілік қолына өтуі патшалықтың қазақ жеріне өз билігін орнатып қаза-орыс шекара бойы бекініс, қала, қоныстардың түсуі жаңа тәптіппен бірге халықты тонауға бағытталған сауданың, түрлі алым-салықтың, халықты тонаудың құйтырқы әдістерінің келуі патшаның «шекпеніне елін сатқан» жергілікті феодалдардың өз халқына қарсы жасаған әрекеттері-осыны бәрі қоғамдық ойда «Зар заман» атанған ағымды туғызбай қоймады (1990:15). Осыдан, «Зар заман» отарланған елдің, қоғамның өмірімен, саяси тіршілігімен, халықтың шынайы көңіл күйімен ұштасып туындаған ағым ретінде тарихи баға беруге болады. «Зар заман» ағамының туындауын Ресей империясының отарлауы мен миссионерлік саясатынан дәстүрлі әлеуметтік құрылым және рухани құндылықтардың бұзылуына қарсы тұрған «молла», «үстаз» мәртебесін иелеген, мұсылманша білімі бар ақындардың болуын заңдылық ретінде баға берген Н.Нұртазина болды (2008:60). Зар заман ағымының туу, зерттелуі мен теориялық негіздемелерінің кезеңдеуде Б.Омарұлы арнайы зерттеуін атап өту қажет (2005: 372). Зар заман ақындарының шығармаларына XX ғасырдың бірінші және екінші жартысындағы қазақ әдебиеті бойынша өткен арнайы ғылыми конференциялардағы зерттеушілердің ұстанымдарын кезеңдеп қарауы маңызды. 1947 жылғы 21 қаңтардағы әдебиет пен өнерге идеологиялық бақылау үшін қабылданған қаулысы, Тіл және әдебиет институтының өрескел қателерді жібермеу мақсатында реакциялық, феодалдық, ұлтшыл сарындағы зар заман ақындарының шығармаларын зерттеуге тиым салды (Омарұлы, 2005:18). Шортанбай, Дулат пен Мұрат шығармалары мектеп бағдарламасынан алынып, әдебиеттің қара дағына айналды. Бұл мәселеде ақындардың отаршылдықтың озбырлығын «орыс» сөзін арқылы жеткізуі, жерді алған жасауылдар, азғындауды «кәпірден» көрдік деген тіркестерді қолданылуы себеп болды. «Орыс-бүркіт, біз-түлкі», «Қуғын-

дап орыс жеткен соң», «Орыстан жаман тым-ақ жау», «Орыс кәпір жеңіп тұр», «Ит кәпірге жақындап» (Зар заман, 1993:172) сияқты тіркестердің барлығы дұшпан сөзімен ауыстырып, қазақ жазушылары араша түсті. Олардың пікірінше, олардың патшалық саясатты сынға алған қарсылық белгісі ретінде ұсынылды. Осының нәтижесінде, 1957 жылғы 8 шілдедегі «Қазақ халқының әдеби поэзиялық және музыка мұрасын зерттеудің, сын тұрғысынан қарап пайдаланудың жайы және оларды жақсарту шаралары туралы» қаулысы қабылданды (Омарұлы, 2005: 19). Осы қаулы аясында 1959 жылы 15-19 маусымда Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институты өткізген конференцияда «Зар заман» ұғымы қолданылмай, осы кезеңдегі ақындар шығармасы прогрессивті және керітартпа бағытта жіктеліп, шығармалардың идеялық бағыт-бағдары тұрғысынан талқыланды. Бірақ ең бастысы «Зар заман» шығармаларының жүйеленіп жинақталуына мүмкіндік туындады. Ал, 1989 жылы «Әдебиет пен өнер мәселесі бойынша 30-40 жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі комиссияның қорытындысы жарияланды» (Социалистік Қазақстан, 1989: 9), мұнда олардың шығармаларын тарихи нақты ортасында, тарихи-шарттыланған қарама-қайшылықтарда қарастыру керек деген ұстаным қабылданды. Қазақ әдебиетінің зерттеушілерінің арасында отарлық кезең туындатқан шығармалардың ерекшелігіне, идеялық-танымдық мақсатына, көркемдік-эстетикалық көзқарастарына, көркемдік мазмұнына, ұлттық рухани мұра ретінде маңызын көрсететін ізденістер бағыты орын алды.

Ресейдің отарына айналған қазақпен көрші қырғыз-өзбек халықтарының арасында да зар заман ағымын жырлайтын шығармалар сақталған. Бұл шығармалардың көтерген мәселелері тарихи сабақтастықты айшықтайды. Әлеумет хәлін жырлаған шығармалардың мазмұны ортақ мәнге ие болған, мұсылмандық жолы, елдің қиындықтан шығуы, күрес жолын іздеу, тіптен бұл шығармалардың Қазанда басылып шығуының да ортақ себептерін барын түсінген жөн (Молдо Кылыч, Зар заман, Қазан, 1911: 253). Қырғыз әдебиетінде «заман» ағымының Қалұғұл Байұлының «Ақырзаман», Арыстанбек Бұйлашұлының «Тар заман» шығармаларының ортақ әлеуметтік-идеялық және тәлімдік мәні бар, өткенді жырласа да, болашаққа болжам жасауы, діни сипаттағы, этикалық астарлы шығармалар ретінде Ж.Рақышев ғылыми еңбегінде негіздейді (1999:27). 1872 жылы құрылған Уфадағы Ғалия

медресесінің студенттерінің қолдауымен шыққан Молды Қылыштың «Зар заман» шығармасын ол көргенін тарихта қалсын деп жазды және бұл төл шығарманы шәкірттеріміздің оқуына мүмкіндік бердік, осындай шығармаларды жиі жариялауды қолға алсақ деген ойларымен бөлісті (1911:1). Зар заман шығармаларының басым бөлігі Қазандағы баспадан шықты, оның ішінде қазақ, қырғыз, қарақалпақ ақындарының ортақ сарынды «замани» мәселесін көтеруі болды.

Отарсыздану санасына өту үшін зар заман ағымын қазақ тарихындағы елеулі бағыт ретінде зерттеу қажет. Зар заманның негізгі сарыны: әлеуметшілдік, әрекетшілдік, дін мен діл. Мәтін мазмұнына арқау болған отарлық саясаттың орнығуы. Сондықтан болар зерттелу тарихындағы саяси негіздеме орын алды. Зар заман ағымының тарихи маңызы, бұл шығармалардың мазмұны ермек үшін емес, елдің саяси пікірі мен тілегі, мақсаты мен мұң-зарын жинақтаған өлең жолдары әлеуметтік көңіл-күйдің отарланған сезімнің құрсауына толық түсіп, заманына икемделу немесе оның қыспағынан арылу, болжалдыққа салыну сияқты бейнелеудің үлгісін қалыптастырды.

Талқылау

XIX ғасыр тарихындағы саяси-әлеуметтік, экономикалық, рухани өмірдегі дағдарыстарға жауап ретінде қалыптасқан зар заман ағымы шығармаларында түйсік және ақыл-ойдың отарлануы, қазақтың өзіндік құндылықтары бойынша сәйкестіндіру қабілетінен айыру, қоғамның алға қадам басуында отарлаушының ұсынған үлгісіне қарсы тұруды көрсетті. Зар заман ағымы отарлық кезеңнің әлеуметтік әділетсіздікті, халықтың ауыр жағдайын және болашаққа үміттің көрінісін берген, терең мазмұндағы шығармаларды қалыптастырды. Ақындардың шығармалары лирикалық және философиялық тереңдікпен ерекшеленеді. Олар жаңа заманның келеңсіз күйін түсіндіруде шынайы формаларды қолданды. Бұл туындылар отарлық езгіден заманның тарылуын, ел ішіндегі әлеуметтік түңілу, жирену, көндігу сияқты түрлі көңіл-күйді көрсетті. Қалыптасқан әдеби шығармалар мазмұны мен түрі жағынан әрқилы арнада тарады. Осы кезеңдегі ахуалдан шығу жолын іздеген немесе одан түңіліп, қайта-келмес заманның «зар» күйін кешкен шығармаларға ғылыми тұрғыдан түрлі баға берілді. Отаршылдық дәуірдің аясындағы әдеби ағымдарды бағытқа бөліп қарау орын алды.

Олардың көтерген мәселелерінің аясында талқылаулар үнемі таласты тақырыптарға айналды. Бұл шығармалардағы ортақ мәселе «заман» туралы ойлар болды. Заман талабынан туындағын қоғамның бет-бейнесінің өзгеруі мен түрленуі туралы мәселелерді негізгі тақырыптар ретінде көтерді. Бұл қай заман. «Заман» ұғымы сан қырлы, жан-жақты ұғым. Тек әдеби тұрғыдан емес, тарихи, саяси, әлеуметтік, мәдени және философиялық жағынан қарастыруға болатын әмбебап категория. Заман ұғымын саяси тұрғыдан қарайтын болсақ, заманның құндылықтарына, сол кезде өмір сүрген ойшыл, қайраткерлердің шығармаларына қарап, биліктің кейпін, басқарушы хан, көшбасшылардың саяси жүйесін аңғаруға болады. Заманның заңдылықтарын, ой үрдістің даму бағытын білеміз. Биліктің басқару жүйесі мен заң шығарушы органдардың құрылымынан, тетіктерінен хабар алуға болады. Заман ұғымының түрлі ұғымдары қазақ тарихының кезеңдерін ашықтауда қолданылды: дүрбелең заман; аласапырын заман; қилы заман; зар заман; тар заман; сұрапыл заман; сұм заман; запыранды заман, хал заман т.б. Отарлық кезең заманы туралы Хакім Абай, өзі ойын 37 қара сөзінде былай жеткізеді: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват» (Абай, 2005, 123). Әр адам, сол заманның өнімі. Заманның адамға, адамның заманға тікелей қатысы бар. Заманды қалыптасыратын, ондағы адамның жақсы, жаман ететін ортасы деп тұжырым жасайды. Сондықтан да заманның жаман немесе жақсы болуына тікелей әсері ететін, орта қалыптастыратын өздері екендігіне тоқталады. Хакім Абайдың заман туралы өмірінің соңғы кезеңінде (1902) шығарған, «Тоты құс түсті көбелек» – заман мен адам қарым-қатынасы туралы толғауы бар. Үш шумақ өлең өзегі – заманды кім билемек деген, әр адамның өз заманынан тыс, қоғамнан оқшау қалуы мүмкін емес, заман қалыбына, талабына не көндігесің, не күресерсің деген ойды жеткізеді. Абай шығармасының басты идеясы заманды адам жасайды, жөн сілтейді, заманның бағыт-бағдарын айқындайды:

Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек (Абай, 2005: 180).

Отарлық күйге қарамастан қазақ қоғамының жақсыға ұмтылып, өзін өрге сүйрейтін, ол үшін ақыл мен ғылым іздемекке, болашаққа ұмты-

лудың жолын көрсеткендей болды. Бірақ, бұл өлең шумағының негізгі мазмұны, заманды жасап отырған кезеңнен қашып құтыла алмайсың, оның қапасынан шығу мүмкін емес, адамның заман илеуіне түсіп, жол табуға итермелейтін тетіктерді меңзейді.

Зар заман ақындарының көрнекті өкілі Шортанбай, заман бәріне бірдей емес, оның озбырлығын отарлаушы билікпен, оның қолдаушыларын сынға алу арқылы жеткізеді. «Мына заман қай заман – Азусызға тар заман, Азулыға бар заман...» деуіне қарағанда, жұрттың бәріне бірдей «тар заман» емес (2013:18). Момындар үшін тар, жоқ-жітіктер үшін зар заман. Ал, азулы, тырнақтылар болыс, билер, алыпсатар саудагерлер үшін тар емес, бар байлық пен билік солардың ашса алақанында, жұмса жұдырығында деп сол заманның азулыларын сынады. «Оларда ешбір адамгершілік мінез-құлық жоқ, ар-намыстан ада, нағыз имансыздар» деп әшкерелейді. Абайдың тоты құсы мен көбелегі арқылы берген тіршіліктің санаулы екенін, адам баласының жақсылық пен парызын орындауы, ар, ұят, ождан туралы ойларымен үндесіп жатты.

Зар заман ақындарының шығармаларындағы басты сарын отарланған күйге түскен қоғам адамы. Мұрат ақын сол заманның адамы туралы былай деген:

Бәйіт еттім бұл сөзді,
Қайғы шегіп заманнан.
Заман азып не қылсын:
Ай орынан туады,
Күн орнынан шығады,
Бұның бәрі адамнан (2013:16).

Қазақ қоғамындағы биліктегі қауымның бет алысы, дін жолындағылардың адасуы, орыс мектебінен білім алып, ел ішінде тілмаш пен адвокат болып, парақорлыққа дәнiккен, екiжүздi адамдардың осындай заман тудырып отыруын сынға алған шығармалар отарланған күйдiң тамаша көрiнiс болары анық.

Шортабай ақынның мына теңеулерiн әдебиеттанушылар түңілуге баласа, тарихи тұрғыдан шынайы баға беруi болады. Сол кезеңдегi қоғамның бет-бейнесiн – «Қаныққан соң жалаға, Көшеде жүрген көп тiлмаш, Мiнiп шабар шанаға. Зәрeмдi алады, Арам берсең жымыып Қалтасына салады», «Арам, арсыз жан шықты, Қайыры жоқ бай шықты. Сауып iшер сүтi жоқ, Мiнiп көрер күшi жоқ. Ақша деген мал шықты – дейдi (2013:27). Әдебиет зерттеушiлерi зар за-

ман ақындарының шығармаларынан үмiтсiздiктi, өмiрден түңiлудi, зар iздесе, тарихшылар бұл рухани күрес жолы деген баға берер едi.

1991 жылы жарық көрген «Әлем» альманахта Шортанбай, Мұрат, Әбубәкiр, Асан шығармалары антиутопиялық поэзия үлгiсi ретiнде қарастырылды (1991:495). Себебi олар қоғамдағы өзгерiстi прогресс ретiнде қабылдай алмай, түңiле баға бердi, өткендi аңсады, көшпелiлiктi дәрiптедi деген қорытындылар жасады. Зар заман ақындарының шығармаларындағы жиi көтерiлген тақырып, қазақ жырауларының мәтiндерiне тән ел қамы мен көшпендi өмiр идеясы орын алды. Асан Қайғының, Бұқар жыраудың қолайсыз құбылыстардан сақтану, дәстүрден озбау туралы ескерту сарын зар заман шығармаларында жалғасын тапты. Хандық жүйенiң жойылуы, болашағы үшiн күдiкшiлiк күйге түскен халық, дәстүр мен мәдениеттiң бөтен бағытқа ойысуы, келешектiң бұлыңғыр боларын болжап, өткен өмiрдi идеал тұту зар заман сарыны болды. Заман мен уақыт кеңiстiгендегi қазақ қауымы үшiн қауiптiң бастысы өмiр салтының өзгеруi едi. Оның iшiндегi ғасырлар бойындағы өмiр тiршiлiгiн қамтамасыз ету тiрегi «Жер» болды. Ресей империясының 1867-1868 жылдардағы қабылдаған Уақытша ережесi, жер, салық реформасы көшпендi өмiр салтының негiзгi қағидаларын, оның iшiнде жайылымды пайдалану мәселесi қиындай түстi. Барлық қазақ жерi патша үкiметiнiң меншiгiне көштi, қазақтардан жердi тартып алуға және тұрғындық участкiге беруге заңды құқық пайда болды. Ендi қазақтардың өздерi жердi пайдаланғаны үшiн арендалық төлемдер төлеуге тиiстi болса, қоныстанушыларда түрлi льготтар қарастырылды. Көшпелi өмiр салтын ұстанған халықтың жерден айырылуы, болашаққа үмiтсiз қарау күйге ұласуына әкелуi заңдылық едi. «Зар заман» қазақ халқының «Жерұйық» идеясына қарсы туындаған идея болды. Бiрi жерұйықта өмiр сүрген, екiншiсi болашақтан үмiтсiз сол бiр халық тағдыры болып отыр. Қазақтың өткен өмiр сүрген дәуiрiн отарлық ел келешегiне қарсы қойды. Осыған қарап, олардың көтерген ойлары антиутопия болды деген негiздеме жасау дұрыс емес. Уақыт пен кеңiстiк өлшемiндегi көштiң өзгеруi құндылық, мұрат-мақсаттың өткен шақта келмеске кетуi, әлемдегi отарланған кез-келген халық тағдыры болғанын атап өткен жөн. Келмеске кеткен тұрмыс-тiршiлiк, жоғалған құндылықтар тiзбегiне бояу берiп, игiлiктердiң қазақты тастап кету себептерiн отарлық күйзелiстен iздейдi.

Мұрат ақын:

Күз болса қонушы еді Қаракөлге,
Ащылы екі жағы жайлы жерге (2013:43).

Әбубәкір:

Жаз болса көшуші еді нуды жарып,
Көлденең өтуші еді суды жарып.

Шортанбай:

Қыс қыстауға қонғаны,
Бір қызығы қазақтың
Қиратып соғым сойғаны,
Ит жүгіртіп, құс салып,
Мергені атып маралды,
Бұрынғы осы жорасы (2013:82).

Берілген үзінділер көшпеліліктің сән-салтанатын асыр керуеннің мал-мүлкін, керемет жасау-жабдықтарын мадақтаған жолдар емес. Жайлау мен жайылымнан айырылып, оның қайта оралмас дәурен, құтсыз қоныс, елге жаңа құтты болатын жер іздеу, қазақтың тарихындағы көшу жолының түпқазығы- жүйеге қарсы тұруды білдірді. Жайлы жер іздеу, қайырсыз қоныстан құтылу отарлаудың зардабынан арылудың жолы ретінде ұсынылды. Отарлау саясаты халық арасында наразылық тудырып, қарулы күрестерден жеңіліс тапқандағы «қайырсыз қоныс» қағидасы таралды. Оның мәні ертеден көшпелі өмірге тән құбылыс болған. Табиғи катаклизмдер, саяси-әлеуметтік дағдарыстан, тіптен микро қоғамдық қатынастарда да «көшіп кету» үдерісі – тығырықтан тиімді шығу жолы ретінде қарастырағынын жыраулардың мұрасы айқын көрсетеді. Мұрат ақын ұсынған «қайырсыз қоныс» қағидасының бірі дін мен діл, тілді таптағалы келген басқыншыларды «кәуір» деп атады. Билікті кәуір алар деп, баланы кәуір сұрар деп, еңсемді кәуір басар деп жаугершілік заман дабылы ретінде отаршылдыққа баға берілді. Көшпелі өмірдің түбегейлі өзгерісі, оның ішінде қазақтың өз мінезіне жат істерге баруын, адами болмысқа, ұлттық психологияға әсерін жұрттың отарлық қамытын киіп көндікенін уайымға салып, жаушылықтан асқан қайғы ретінде шығармаларында бейнелейді. Көшпенділік пен отырықшылықтың бетпе-бет келуі зар заман құбылысын туындатқан фактордың бірі болды. Қазақтың өмір тіршілігіндегі көшпенділіктен ажырап, отырықшы тіршіліктің үйреншікті дағдыға үйлеспейтін жақтарын отарлық дәуірдің өлшемі ретінде танытты. Х.Досмұхамедұлы: «Халық әдебиетінен қазақтың жүрегіне еркін көшпелі өмір, көші-қон, мал мен малшылық тұрмыс-салт

қаншалықты жақын екендігі айқын көрінетін және онда қаладағы отырықшы өмірді, егіншілік пен саудагерлік кәсібін жаны жақтырмайтындығы да соншалықты дәл бейнеленді» (1991: 30), – деп түсіндірген. Зар заман ағымының көз-қарастарын өткенді аңсау мен болашақтан үміт үзген ойлардан тұрады деген баға өзекті емес. Керісінше мұндағы «зар» қазақтың көңіл-күйіне үйлесіп жатты. Уақыт тығырығын дұрыс түсінген және оған шынайы баға берген ой тізбектері тарихи маңызды функцияны атқарды. Отарлық кезеңдегі өзгенің иелігіне өткен ел мен жердің зарын жеткізу, халық күйіне алаңдау, дәстүрлі өмірдің құндылықтарын қорғау қызметінде уақыт талабында дұрыс жауап бере алған зар заман ағымы ретінде қараған дұрыс. Зар заман жырлары төл оппозиция ұғымында заманның жақсылығы мен жамандығы, қайырымдылығы мен озбырлығын қатар бейнелейді. Олардың мәтіндерін «зарлы» сарын ретінде қараудыңда себебі бар. Зар заман «сағыныш», «қайғы» эмоционалды тұжырымдамаларын модельдеу болып табылады. Әмбебаптық қайғы тәжірибесі қиыншылық пен жеке адам бақытсыздығын туындатқан күйге ұшырауы, армандарын жоғалтауымен байланыстыруға болады. Отарлыққа түскен қоғамның болашағын отарлаған ел шешті. Жеке бетпе-бет келген қайғы осында болды. Ел мұраты идеясы жоғалды. Оның орнына мүдделердің келісімі мен қақтығыстары байқалды. Заман адамы отарлаушылармен ел мүддесіне қажетті құндылықтарға иелік ету үшін психологиялық шегіністер жасап, мойынсұну емес, болашақ үшін ең тиімді шешімдерді қабылдау деген түйсікпен өмір сүре бастады. Осы кезеңдегі біздің ел ретіндегі отарланған түйсіктік қабылдауымыздан арылу үшін зар заман ағымындағы ойларды ортаға салып талқылау қажет. Зар заман шығармаларында қайғы динамикасын байқауға болады, жеке адамнан бастап, әлеуеттік деңгейлік қасірет көрсеткішін мәлімдейді. Сөзбен жеткізген белсенді ойлардан, әрекетке дейінгі үндеулерді көреміз.

Әдебиеттанушылар, осы шығармалардың ортақ жиынтығы романтизм, өзі өмір сүріп отырған дәуірдің кемшілігіне, әділетсіздігіне басқа қоғамды қарсы қойған деп түсіндіреді (24,166). Отарлық кезеңдегі зар заман ағымына қазақ даласында жаңаруға, қазақ қоғамын дамытудың жаңа дүниетанымдық үлгілерінің негізін қалаған Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев және Ыбырай Алтынсаринді жаңа зияткерлік қозғалыс өкілдері ретінде қарсы қою зерттеулерде жиі кездеседі. Ресей империясының отарлау саясатына қарамастан, көшпеліліктен отырық-

шы өмір салтының тиімділігін түсіндіріп, басқару жүйесіндегі құқықтық негіздерді ұсынып, жастарға білім беруді қолға алып, мәдени бірегейлікті сақтап қалуға тырысты деген тұжырымдар ұсынылады. Алайда, отарлық заманның қай кезеңі, қайда білім алса да, ол отарлаушының мүддесіне ыңғайлы адам болуы тиіс еді. Ресей империясының отарлық заманының ең танымал тұлғасы Шоқан Уәлиханов. Оның жарқын өмірі отарлану заманымен тұспа-тұс келді, ғылыми зерттеулері мен жаңалықтары, білімі мен зиялылығына қарамастан, ол отарланған халық өкілі ретінде қала берді. Ресей империясының шалғайындағы халықтардың өкілдері метрополиядан білім алып, оған қызмет етумен қатар, ішкі түйсігінде отар болған елдің өкілі ретінде өздерін қабылдады. 1863 жылы публицист Аполлон Майковтың (Майков) Шоқанға жазған хаты отарлаушы елдің нақты көзқарасын береді: «Өз халқыңызға пайдалы болғыңыз келсе де – кешіріңіз, бірақ сіздің оған қабілетіңіз жетпейді, себебі – сіз өз ортаңыз үшін тым білімді, әрі оқымыстысыз, сондай-ақ бәрі үшін мүлдем ыңғайлы емессіз. Соңғысы – ең маңыздысы. Өйткені орта сізді басып тастайды, ал сіз ешкімге ықпал ете алмайсыз. Ең дұрысы- далада гимназия ашу ісімен айналыссаңыз. Менің ойымша, сіз осында қалғаныңыз дұрыс... Қалай бұлталақтасыңыз да, сіз Европаға тиесілісіз. Европалық білім мен ғылымды Шығыс ғылымымен үйлестіре отырып, сіз Европаны Азиямен таныстыруыңыз керек, ал Азия үшін, әрине, әзірше ештеңе жасай алмайсыз» (1985: 77) деп ашық кеңес береді. Шоқан Уәлиханов ел мүддесі үшін билікке араласуым керек деген хаттары сақталған: – «Құрметті дос, Федор Михайлович. Мен қалай да отандастарымның мүдделерін шенеуніктердің алдында көтеріп, оларды бай қырғыздардың деспотизмінен қорғау үшін сұлтан болу керек деп ойладым. Сонымен бірге, мен жерлеріме білімді сұлтан еліне қаншалықты пайдалы екенін көрсетуді ойға алдым... Осы мақсатпен мен Атбасар ауданының аға сұлтандығына сайлануға келістім, бірақ сайлау құйтырқы шенеулік ойынсыз өтпеді» (1985:152). Зар заман ағымы орыс шенеуніктері мен дала билеушілері, тілмаштар арасындағы парақорлық пен арсыздық жайлап кеткенін ашық айтты, бұл «зар» емес шындық бейнесі еді. Осындай жағдайға Шоқан Уәлихановта тап болды. Ол осы мәселеге қатысты өз ойымен бөлісті: «шенеулік байлардың мақтанқұмарлығы мен мансапқұмарлығын қоздырып, Уәлиханов сұлтан болса, онда бәрі жаман болады деген қожыныш ұялатқан, олар теңдік ұғымдарын ұста-

нады деп қорқады...; олар мені Құдайға сенбейтін және Мұхаммедтің жауы етіп өсек таратқан. Мұндай нәрселер жартылай сауатты және әдет-ғұрыптарына бекем тұрғындарға әсер ететіні түсінікті, ал ондай орыс майорларынан шыққан кезде, тіпті шарасыз қалады екенсің...» (1985: 154). Тіптен оның жазған хаттарында, сайлауға түсу үшін пара беру, қажетті қаражатты орыс шенеулігіне беретіні туралы ашық айтылды. Отарлық жүйеде отарланған халық мүддесі есепке алынуы немесе қамқорлық, қандай да бір даму үрдісіне ықпал жасау мүмкін емес еді. Зар заман ақындары қазақ даласын жайлаған парқорлықты, болыстық сайлауға шығарған шығынын, кеткен малын еселеп қайтарамын деп қазақты қысқан ұлықтардың әрекетін «орыстан» келген тірлік деп бағаласа, Хәкім Абай қараңғы халықтың, тобырға айналып күнкеріс қамынан шыға аламағынын сынға алды. Бірлік пен береке жоқ халықтың, пейілі бұзылған шенқұмар мен мансапқұмарлардың әкімшілік лауазымға таласқа түсіп, күндестіктің халықтың шырқы бұзылды деп «зар» айтады. Зар заман ағымы сарыны бойынша қоғамды азғындау себептерін отарлық жүйемен байланыстырып айтса, Хәкім Абайда осы мәселелерді астарлап жеткізді. Кеңестік дәуірде зар заман ақындарын «кертартпа бағыт» ақындары ретінде анықтап, замандастары ретінде Абай өлеңдерімен салыстыруы жиі кездесті. Абайдың Шортанбай, Дулаттың ақындық шеберлігіне қатысты сыны, өлеңнің көркемдік талғамын түсінуді меңзеген ойларын алға тартты (Омарұлы, 2005:25). Зар заман ақындарынан Абайды оқшаулау арқылы кеңестік идеология қазақ әдебиетінің сабақтастық үлгісін жоққа шығаруды көздеді. Қазақтың халық әдебиеті, әсіресе жыраулар поэзиясы XIX ғасырдағы барлық ақындардың шығармаларының қайнар бұлағы ретінде қарау қажет, олардың өлең иірімі мен ұйқастық шеберлігі емес, заман идеясын шынайы жеткізуін назарға алу қажет.

XIX ғ. 80 жылдың аяғы мен 90 жылдың басында отарлаушы үкімет әкімшілік – соттық реформаны ендіруді аяқтауға кірісті. 1886 ж. 2 маусымда Түркістан өлкесі туралы Жарғы қабылданды. 1891 ж. 21 наурызда Дала генерал-губернаторлығына кіретін Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы жарғы қабылданды. Қалалық мекендерде полиция басқармасы мен приставтар құрылды. Жер дауларын болыс съездері шешті. Ресей сот жүйесі әлемдік сот, болыстық сот және басқарушы сенаттан тұрды. Билер соты құрылды, олар таңдаулы төрешілерге айналды. Ғасырлар бойы

қалыптасқан дәстүрлі құқық нормалары мен шариғат шешімдерін жүзеге асыру өзгерді. Қазақ даласындағы осы өзгерістер ел ішіндегі қиындыққа төтеп беру жолдарын іздеді. Зар заман ағымы патша саясаты келмеске кеткен қазақтың бұрынғы заманын баяндап, халық пен билеушінің арасындағы қатынастарды тілге тиек етіп, қазақтың билік тұтқасын ұстағандардың ел қамын ойлаудан қалғанын көрсетті (ҚР ОММ. Қ.25. Т.1. Іс.2022.192-193 бб):

Қанағат етуші мең би мен ханға,
Жақсыны алушы мең есеп-санға?
Әл жетсе бір кісіге мастық қылып,
Сен теңдік беруші мең тірі жанға?
Мұнан соң штат деген үкім шықты,
Би мен хан тіл тарттырмай бәрін жықты.
Кәні, сен бұл бұйрыққа көнбеймін деп,
Айтып көр дегеніңше болсаң мықты.
Жаратқан Тәңрі лайық билер қалды,
Он үйге бір би қой деп үкім салды.
Елу үйге жаңада бір би қойып,
Жүз үйге бір ауылнай шифа қалды.
Мың үйге онан барып болыс қойды,
Қасына болыс сайын орыс қойды.
Таласып, қырылысып лауазымға,
Ат беріп, елулікке қойын сойды.

Торғай даласында 1876-1885 жылдары вице губернаторы болған, IV дәрежелі мемлекеттік шенулік В.Ф.Ильиннің хаты негізінде Ы.Алтынсариннің «Горе киргиза» атты жазбасымен таныса аламыз. Осында назарға алатын мәселе бұл жазбаны В.Ф.Ильин қайда жібергенінде болып тұр. Ы.Алтынсариннің жазбасына өзінің түсініктемесін беріп Ішкі істер министрі Д.А.Толстой хатын аттандырады. Д.А.Толстой мемлекет қайраткері, тарихшы, 1882 жылғы мамырда ішкі істер министрі және жандармдардың басшысы лауазымына тағайындалып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарды. Ол саяси реакцияны қолдаушы және «күшті» биліктің жақтаушысы ретінде танылды. Оның кезінде қабылданған және дайындалған заңнамалық шараларда жандармдардың қызметін кеңейту, бақылау және қудалауды, баспасөз бостандығын шектеуді мақсат тұтты. В.Ф.Ильин өз хатында Торғай облысының халық мектебінің инспекторы Ы.Алтынсариннің орыс алфавитінде қағазға түсірген 32 шумақтық өлеңдер жинағын, «1868 жылғы Уақытша ережеден кейінгі жергілікті қоғамдық басқару мәселесіне қатысты құнды мәлімет беретін болғандықтан, сізге жіберуді шештім»-деп көрсетеді (ҚР ОММ. Қ.25. Т.1. Іс.2022. 185).

Оның түсініктеме хатында жергілікті басқару сайлауында парақорлық, билер сотының беделінің түсуі, басқару органдарының бассыздық әрекеттері Уақытша ереженің қабылдануы салдарын және жергілікті халықтың оған наразы болуын хабарлайды.

Уақытша ереже мұсылмандардың рухани құқығын айтарлықтай шектеді, исламның білім беру шектеліп, мұсылман тұрғындарының арасында христиан дінін таратуда миссионерлікті қолдады. Сондықтан зар-заман шығармаларының басты бағыттарының бірі – мұсылмандық мәселесі болды. Зар заман шығармашылығының мазмұнын Шығыс әдебиеті, Қожа Ахмет Ясауидің ықпалы зор болғаны анық. Мұсылманшылдықты өз қоғамының кеселдерінен құтылу жолы, қорғаныс күш ретінде қолданады. Зар заман ағымына қатысты мұсылманшылық идеясы, діншілдік пе, әлде діни-ағартушылық болды ма деген талдаулар жиі кездеседі. Діншілдікті ескішіл бағытқа жатқызып, надандыққа қарсы күрескен діни ағартушыларды бөліп қарау ұсынылды. Тарихи тұрғыдан алғанда, діншілдікте, діни ағартушылықта отаршылдықтың шоқындыру саясатына дін негіздерін қолдану болды. XIX ғасырға дейінгі және сол ғасырдағы білім мұсылманша болғанын ұмытпауымыз керек. Мұсылмандық білім беру жүйесіндегі модернизация орын алған кезде, жаңа ағымның Ресейдің отарлық өңірлеріне тарағаны анық. Одан мұсылманша білім алған зар-заман өкілдері тыс қалмады. Шортанбай шығармаларында мұсылмандық ұғымдардың жиі, сауатты қолданы (2013: 63):

Атамыз – Адам пайғамбар
Топырақтан жаралды.
Мұсылман, кәпір – халық боп,
Сол адамнан таралды.
Бір-біріне беріскен
Дәм мен тұздың халал-ды,
Ұрлық пенен қорлықтан,
Өтірік, ғайбат зорлықтан
Бойынды тартып тек жүрсең,
Көрмесің деген залалды.
... Алақандай ай мен күн –
Ғаламның орта жарығы.
Жаббардың екі болмайды
Әмір қылған жарлығы
Құбылаға бас қоймақ –
Мұсылманның парызы.
Ораза намаз қылғанның
Көңілде құдай барлығы.
Жаулық пенен жалғыздық –
Жалғанның жаман тарлығы...

Зар заман ағымының өкілдерімен қатар, Шоқан, Ыбырай, Абай мұсылмандық мәселесін көтерсе, Шәкәрім Құдайбердіұлы «Мұсылмандық шарты» (2024:80) шығармасында сол дәуірдің мінез-болмысын түзу жолға салуға дін уағызын пайдалану, қазақ арасында ислам қағидаларын түсіндіру мен имандылық түзу жолын көрсетті. Халел Досмұхамедұлы «Қазақтың жазба әдебиетінің негізін мұсылманша оқыған, сауатты ақындар салғаны сөзсіз. Сондықтан да жазба әдебиетінің алғашқы үлгілерін халық поэзиясының діни және ғибраттық түрлерінен іздеу қажет» (1991:78) – деген қорытындысымен келісеміз. Зар заман ағымы мұсылмандықты ел бірлігі мен тірлігіне қажет етсе, бұл дүниенің құлы болмай, имандылық жолында өмір сүруге шақырды.

Нәтижелер

Қазақстанның отарлық кезеңін зияткерлік тарих тұрғысында қоғамның әлеуметтік түсінігі мен болмыстық қабылдауы, зарлы күй кешуі мен көмескеген ойын айшықтайтын «Зар заман» дәуірі деп қарастыруға болады. Отаршылдық кезеңдегі қазақтың зияткерлік мұрасы өзіндік ерекшелігі бар бағыт ретінде қалыптасты. Кеңестік тарихнамадағы бұл кезең мұрасын екіге бөліп, «прогрессшіл» және «керітартпалық» бағыттар ретінде қарама-қарсы қою орын алды. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің «Қазақ халқының әдеби поэзиялық және музыка мұрасын зерттеудің, сын тұрғысынан қарап пайдаланудың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысына сәйкес өткен конференцияда Шортанбай ақын шығармаларын сынға алды. Шортанбай заманның бұзылуына көп көңіл бөліп, қайғылы мазмұн үшін сыналды, ілгерілеуді, жаңалықты, жақсылықты қабылдамады, саяси санасы жетілмеді, оның өзге замандастары болды, олар сол ілгерішіл кезеңді түсіне білді деген. Әрине, отарлаушы елдің білімін қабылдап, шенеулік жолын таңдағандар көп болды, бірақ қазақ ағартушылары бұл заманның келеңсіз тұстарын жасырмай, зар-заман ақындары сияқты шығармаларының өзегіне айналдырды. Көп жағдайда зар-заман ақындарына Абайды қарсы қойды. Сыншылар көркемдік құндылықтарды сүзгіге салып, Абайды үнемі оқшаулап алуды көздеді. 1885 жылы мамыр айында Абайдың қатысуымен 13 баптан тұратын Қарамолла Ережесі қабылданды (МОП, 1996:54). Қазақтың әлеуметтік өмірін жетік білгендіктен отарлық жүйеге ықпал ету тетіктерін іздеді, бірақ сәтсіздікке ұшырады, отарлық жүйеде билікке арала-

судан ештеңе өзгермейтінін түсінді. 1882 жылғы Ы.Алтынсариннің, 1864 жылғы Ш.Уәлихановтың отаршылдық жүйенің ішкі механизмінде жүріп жазған жазбалары да зар заманның бейнесі ретінде бағалау қажет. Сондықтан, отарлық кезеңдегі қалыптасқан шығармалардың мазмұнындағы сарын ортақ, халықтың азып-тозуы мен өткеннің келмеске кетудің себептерін, болашақтың жолын іздеу тақырыптары болды. Ресей империясы тарапынан жүргізілген реформаның сәтсіздігі мен салдарын, тиімсіздігі мен кемшіліктері түрлі жолдармен жеткізуді көздеді. Бұл кезеңнің зияткерлік мұрасын екіге бөлмей сол дәуірдің ішкі өмірі көрініс тапқан, ең алдымен саяси өзгерістердің нәтижесінен туындағын шығармалар ретінде мәлімдеуге болады.

Зар заман ағымын тарихи тұрғыдан алатын болсақ, бұл қазақтың отаршылдыққа қарсы алғашқы идеялық күресі деуге болады. XX ғасыр басындағы қазақтың өзін-өзі анықтау жолындағы идеялық күрестің негізін қалаушы Әлихан Бөкейханов «Зар заман» атты әдеби ұйым мүшесі болғаны туралы деректер сақталған (1995:10). Зар заман ағымы кейінгі қазақ зиялыларының отаршылдыққа қарсы күреске итермеледі. Халықтың идеялық мақсат-мұраттарын айқындау жолына бағыттады.

Қазіргі қоғамның отарсыздану құбылысында «Зар заман» ағымын толық бір дәуірдің анықтамасы ретінде қабылдауымыз қажет. Отарлық болмыс пен күйден арылуда осы шығармалардағы ақиқатты қабылдағанымыз дұрыс. Ұлт ретінде өзімізді анықтауда «отарлаған сезім», «құлдық сана», «жетектелген ой» «мазасыз күй» туралы талқылау мен одан арылу үшін екпе немесе ем, шипа қажет. Салт-сананың бұзылуы, халық өмірінің тәжірибесінде болмаған арнаға түсуі, ескі мен жаңаның арасындағы қайшылықтар тізбегін идеялық жағынан ашып берген, мүмкін көркемдік әрлеуі мен мотивтерінің асқан шеберлігін көрсете аламаса да зар заман ағымының шығармаларын тану отарсыздану жолындағы екпе немесе шипа десек болады.

Қорытынды

Отаршылдық дәуірдің зияткерлік мұрасының бағыты ретінде «Зар заман» ағымы ретінде қарауды қажет етеді. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ халқының саяси, әлеуметтік және тұрмыстық өмірдегі орын алған жағдайлардың зар заман ағымын қалыптастырды. Отарлық кезеңде қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған өмірлік тәжірибесі қажетсіз болып

қалды. Жаудың түрін түстегенімен, оған қарсы түрудың бұрынғы әдістері іске аспады. Қарулы ұлт-азаттық күрестердің жеңілуі осыны көрсетті. Отарлық жүйе механизмі халықтың өмір сүру салтынан ажыратты. Әлеуметтік әділетсіздікті қолдан туындатты, осыдан қоғам ішінде бағзыдан келе жатқын әділетсіздік болғанда ақиқат іздеп жүгінетін институттар жойылды. «Құл төбенің басында күнде кеңес» елдің жиылып қабылдайтын әдеттегі шешімдері тоқтады, ханын жөнге салатын билер институтының мазмұны өзгерді. Зар заман ағымының шығармалары осы ахуалды философиялық тереңдікпен, символикалық сипатта жеткізді.

Зар заман ағымы қоғамдық өзгерістерді сынға алып, жүйеге қарсы түрудың дәстүрлі әдісі «қайғы наразылығы» түрін қолданды. Олар өздері куәгер болған заман оқиғалары туралы мәтіндер зияткерлік тарихтың «қорын» құрды. Зар заман шығармалары оқулықтар мен арнайы зерттеулерде отарлық кезеңді түсіндіруе жетіспейтін эмоционалдық жүкке толы шығырмалардың тізбегі ретінде баға беруге болады. Отарлық механизм қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі өмір салтының дәстүрін монументальді түрде жойғанын «жылау мен қайғару» күйінде түсініп, келмеске кеткен

өмірмен қоштасу актісін көрсеткен туындылар. Бұл қайғының шыңы өмірі өзіне тиесілі еркін қазақтың тәуелділікке түсуі еді. Отар болғанға дейінде қазақта табиғи саяси, қоғамдық, тұрмыстық рухани дағдарыстар орын алды. Тарих жолында халық ретінде өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, шешім қабылдап, ата-баба жолын құт көрген ел ретінде бірегейлігін сақтап қалды. Отарлық дәуірдің ең үлкен зардабы таңдау жасау мүмкіндіген айырылу болды. Жетектелген елге айналдық. Жетектеушінің берген өмірлік нұсқаулығын қабылдап, сол нұсқаулық болмаса адасып қалатын хәлге жеттік. Зар заман шығармаларының болжалдық мазмұны ойдың отарсыздануына үшін таптырмас шипа болары анық. Зар заман шығармаларында ақшада күш болғанда, сөз қадірі кеткенде, парақор мен мансапқор, айтқаны мен ісі жанаспайтын, кісілігі мен кішілігі өткен, құрмет пен қасиетке зәру қоғамнан сақтануды өсиет еткен.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің АР23489947 – «Империя құрылымындағы Дала өлкесінің тарихы, 1822-1917 жж.» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

Әдебиеттер

- Абай (Ибрахим) Құнанбайұлы. (2005). Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы : Жазушы. 2-т. : Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер. 335 б.
- Әлем. Альманах(1991). Алматы: 495 б.
- Әуезов М. (1991). Әдебиет тарихы. Алматы: Ана тілі. 240 б.
- Байтұрсынов А. (2003). Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра. 208 б.
- Бекмаханов, Е. (1994). Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы : Санат. 416 б.
- Бөкейхан Ә. (1995). Таңдамалы. Алматы, Қазақ энциклопедиясы. 478 б.
- Валиханов Ч. Ч. (1985). Собрание сочинений в пяти томах. Том 5 – Алма-Ата, Главная редакция Казахской советской энциклопедии. 528 с.
- Raymond W. (2015). Politics and Letters: Interviews with New Left Review – Softcover. Publisher: Verso Books. 444 p.
- Дәуітұлы С. (1993) Зар заман. Жыр-толғаулар. – Алматы: Жалын. – 176 б.
- Досмұхамедұлы Х. (1991). Аламан. Алматы: Ана тілі. 176 б.
- Eliot, T.S. (2022). Essays Tradition and the Individual Talent. The Hardscrabble Press, 20 p.
- Казахский фольклор в собрании Г. Н. Потанина (1972). (Архивные материалы и публикации). Алма Ата: Наука. 382 с.
- Terry Eagleton. (2016). Culture. Hardcover. 192 p.
- Қойгелдиев М. (1990). Ұлт үшін жаным садаға. «Зар заман», «Оян, қазақ» және тарихи шындық / М. Қойгелдиев. – Алматы: Ана тілі. 9 тамыз – 15 б.
- ҚКП Орталық Комитетінің 1957 жылы 4 июль күнгі “Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка зерттеудің, сын тұрғысынан қалай пайдаланудың жайы және оларды жақсарту шаралары туралы ” қаулысы. // Қазақ әдебиеті, 1957, 26 шілде.
- ҚР ОММ. Қ.25. Т.1. Іс. 2022. 187-198-бб.
- Құдайбердіұлы Ш. (2024). Мұсылмандық шарты. Алматы. Самға. 80 б.
- Мөңкеұлы М. Шығармалары. (2013) – Алматы: «Ана тілі» баспасы. 288 б.
- Нуртазина Н.Д. (2008). Народы Туркестана: Проблемы Ислама, интеграции, модернизации и деколонизации (на рубеже ХІХ-ХХ веков). Алматы: Қазақ университеті. С. 108-109.
- Омарұлы Б. (2005) «Зар заман» әдебиеті. – Астана: Елорда. – 372 б.

- Ракишев Ж. (1999). Социальная и философская мысль в Кыргызстане второй половины XIX- начало XX веков [Текст] : Автореф. дис... канд. филос. наук: 09.00.03 / Ракишев Женишбек. – Алматы. – 27 с.
- Радлов В. В. (1993). Алтын сандық. Алматы: Ана тілі. 256 б.
- Сейфуллин С. (1964). Шығармалар. 6-томдық. Т. 6-ші: Мақалалар мен очерктер.- Алматы: ҚМКӘБ. 456 б.
- Сулейменов Б. (1950) К характеристике общественно-политических взглядов Ибрая Алтынсарина // Труды первой сессии Отделения общественных наук АН КазССР (21-23 февраля 1949 г.). – А.-Ата. С.23-31;
- Қанайұлы Ш. (2013). Шығармалары: Толғаулар, айтыстар, дастандар. Шортанбай мұрасы: сын-зерттеулер, мақалалар / Шортанбай Қанайұлы. – Алматы: «Ана тілі» баспасы. 384 б.

References

- Abai (Ibrahim) Qunanbauly. (2005). Shyǵarmalarynyń eki tomdyq tolyq jınaǵy. Almaty: Jazyshy. 2-t.: Óleńder men aýdarmalar. Poemalar. Qara sózder. [Complete collection of his works in two volumes. Poems and translations. Poems. Black words.] 335 p. (In Kazakh)
- Álem. Álmanah(1991). [World. Almanac.] Almaty: Jazyshy, 495 p. (In Kazakh)
- Áýezov M. (1991). Ádebiyet tarihy. [History of literature.] Almaty: Ana tili. 240 p. (In Kazakh)
- Bartursynov A. (2003). Ádebiyet tanytyqysh. Zertteý men óleńder. [Literature reviewer. Research and poems.] Almaty: Atamura. 208 p. (In Kazakh)
- Bekmahanov, E. (1994). Qazaqstan XIX ǵasyrdyń 20-40 jyldarynda. [Kazakhstan in the 1920s-1940s] Almaty: Sanat. 416 p. (In Kazakh)
- Bókeihan A. (1995). Tańdalǵan. [Selected] Almaty, Qazaq Ensiklopediasy. 478 p. (In Kazakh)
- Ýálhanov Sh. Sh. (1985). Bes tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. [Collected Works in Five Volumes] 5 Tom-Almaty, Qazaq sovet ensiklopediasynyń Bas redaksiyası. 528 s. (In Russian)
- Raymond W. (2015). Politics and Letters: Interviews with New Left Review – Softcover. Publisher: Verso Books. 444 p. (In English)
- Dáýituly S. (1993) Zar zaman. Jyr-tolǵaýlar. [The Zar Zaman. The song is reflections.] – Almaty: Jalyn. – 176 p. (In Kazakh)
- Dosmuhameduly H. (1991). Alaman. [Alaman] Almaty: Ana tili. 176 p. (In Kazakh)
- Eliot, T.S. (2022). Essays Tradition and the Individual Talent. The Hardscrabble Press, 20 p. (In English)
- Kazahskij fol'klor v sobranii G. N. Potanina (1972). [Kazakh folklore in the collection of G. N. Potanin] (Arhivnye materialy i publikacii). Alma Ata: Nauka. 382 s. (In Russian)
- Terry Eagleton. (2016). Culture. Hardcover. 192 p. (In English)
- Qoigeldiev M. (1990). Ult úshin janyń sadaǵa. «Zar zaman», «Oıan, qazaq» jáne tarihy shyndyq [My soul is a sacrifice for the nation. «Zar zaman», «Oyan, Kazakh» and historical truth] / M. Qoigeldiev. – Almaty: Ana tili. 9 tamyz – 15 b. (In Kazakh)
- QKP Ortalyq Komitetiniń 1957 july 4 ıyl kúngi «Qazaq halqynyń ádebi-poeziyalıq jáne múzyka zertteýdiń, syn turǵysynan qalalı paidalanıdyń jayı jáne olardı jaqsartý sharalary týraly» qaylysy. [On the study, critical use of literary, poetic and music of the Kazakh people and measures to improve them] // Qazaq ádebiyeti, 1957, 26 shilde. (In Kazakh)
- QR OMM. Q.25. T.1. Is. 2022. 187-198-bb.
- Qudaiberdiuly Sh. (2024). Musylmandyq sharty. [Muslim treaty] Almaty. Samǵa. 80 p. (In Kazakh)
- Mónkeuly M. Shyǵarmalary. [Works] (2013) – Almaty: «Ana tili» baspasy. 288 p. (In Kazakh)
- Nurtazina N.D. (2008). Narody Turkestana: Problemy Islama, integracii, modernizacii i dekolonizacii (na rubezhe XIX-XX vekov). [Peoples of Turkestan: Problems of Islam, integration, modernization and decolonization (at the turn of the XIX-XX centuries)] Almaty: Qazaq universiteti. S. 108-109. (In Russian)
- Omaruly B. (2005) «Zar zaman» ádebiyeti. [literature» Zar Zaman»] – Astana: Elorda. 372 p. (In Kazakh)
- Rakishev Zh. (1999). Social'naja i filosofskaja mysl' v Kyrgyzstane vtoroj poloviny XIX- nachalo XX vekov [Social and philosophical thought in Kyrgyzstan in the second half of the 19th- early 20th centuries] [Tekst] : Avtoref. dis... kand. filol. nauk: 09.00.03 / Rakishev Zhenishbek. – Almaty. – 27 s. (In Russian)
- Radlov V. V. (1993). Altyn sandyq. [Gold chest] Almaty: Ana tili. 256 p. (In Kazakh)
- Serfýllin S. (1964). Shyǵarmalar. 6-tomdyq. T. 6-shi: Maqalalar men ocherkter. [Works. Volume 6. T. 6th: articles and essays.] – Almaty: QMKÁB. 456 p. (In Kazakh)
- Sulejmenov B. (1950) K karakteristike obshhestvenno-politicheskikh vzgljadov Ibraja Altynsarina [To characterize the socio-political views of Ibray Altynsarin] // Trudy pervoj sessii Otdelenija obshhestvennyh nauk AN KazSSR (21-23 fevralja 1949 g.). – A.-Ata. S.23-31. (In Russian)
- Qanauly Sh. (2013). Shyǵarmalary: Tolǵaýlar, aıtystar, dastandar. Shortanbay murası: syn-zertteýler, maqalalar [Works: reflections, aitys, sagas. Shortanbay's legacy: critical studies, articles] / Shortanbay Qanauly. – Almaty: «Ana tili» baspasy. 384 p. (In Kazakh)

Автор туралы мәлімет:

Телеуова Эльмира Тешебаевна – тарих факультеті, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті.

Искакова Галия Зейдилдаевна – PhD, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

About the authors:

Teleuova Elmira Teshebaevna – Associate Professor at the Faculty of History, Department of History of Kazakhstan.

Iskakova Galiya Zeidildayevna – PhD, senior lecturer at the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University.

Сведения об авторах:

Телеуова Эльмира Тешебаевна – факультет истории, доцент кафедры Истории Казахстана.

Искакова Галия Зейдилдаевна – PhD, старший преподаватель кафедры истории Казахстана, КазНУ имени аль-Фараби.

Поступило: 05.01.2025

Принято: 28.02.2025